

«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті»
КеАҚ заң факультетінің докторанты Асетова Гулнур Бакытовнаның
6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан
Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-
құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы
диссертациясына

ПІКІР

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу қазіргі азаматтық және

кәсіпкерлік құқық ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі — Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан кешенді талдауға арналған. Таңдалған тақырыптың өзектілігі кәсіпкерлік қызметтің экономиканы дамытудағы маңызды рөлімен, азаматтық айналымның күрделенуімен және кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау қажеттілігімен байланысты.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік қызмет нысандарының көбеюі, цифрлық технологиялардың енгізілуі және шарттық қатынастардың күрделенуі кәсіпкерлердің құқықтарын уақтылы әрі тиімді қорғаудың маңызын арттырады. Қолданыстағы азаматтық және кәсіпкерлік заңнамасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған белгілі бір құралдар мен тәсілдер көзделгенімен, оларды іске асыру тәжірибесі әрқашан бірізді және жеткілікті деңгейде тиімді бола бермейді. Атап айтқанда, сот арқылы қорғау, сондай-ақ соттан тыс баламалы құқықтық тетіктердің өзара арақатынасы мен қолдану шектеріне қатысты бірқатар теориялық және тәжірибелік мәселелер толыққанды ғылыми зерттеу нысанына айналмаған. Мұндай жағдай кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында құқықтық олқылықтар мен қайшылықтардың туындауына негіз болады.

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін кешенді түрде зерттеу, оның теориялық негіздерін айқындау және қолданыстағы құқық қолдану тәжірибесін жан-жақты талдау Қазақстан Республикасының азаматтық және кәсіпкерлік заңнамасын одан әрі жетілдіру үшін ерекше өзекті болып табылады. Диссертациялық зерттеуде аталған мәселелерді жүйелі түрде зерделеу кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға, құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және азаматтық айналымның тиімділігін күшейтуге бағытталған ғылыми негізделген және тәжірибелік маңызы бар ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің теориялық, эмпирикалық, нормативтік және тәжірибелік негіздерінің жеткілікті деңгейде қалыптастырылуы, сондай-ақ зерттеу нәтижелерінің тиісті деңгейде апробациялануы автор ұсынған ғылыми тұжырымдар, қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми негізділігін, дәйектілігін және сенімділігін айқындайды.

Диссертациялық зерттеу кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін дамытуға елеулі үлес қосатын, азаматтық құқық ғылымы үшін маңызды әрі өзекті еңбек болып табылады. Жұмыс жоғары ғылыми өзектілігімен, айқын ғылыми жаңалығымен және тәжірибелік бағыттылығымен ерекшеленеді, бұл оны ғылыми ортада да, құқық қолдану қызметінде де сұранысқа ие етеді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. Зерттеу кіріспеден, логикалық тұрғыдан өзара байланысқан және жүйелі түрде құрылымдалған үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Автор қарастырылып отырған салада қолданыстағы ғылыми материалдар мен нормативтік құқықтық қайнар көздерді жалпылау, талдау, салыстыру және аналитикалық бағалаудың ғылыми әдістерін, сондай-ақ олардың қазіргі заманғы құқық қолдану тәжірибесіндегі тиімділігін жақсы меңгерген.

Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, монографиялық және нормативтік қайнар көздерге сүйене отырып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін дамыту мен ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелеріне қатысты авторлық көзқарас негізделген.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Г.Б. Асетова өзін құқықтық құбылыстардың мәнін дәл әрі дұрыс айқындай алатын, олардың санаттық белгілерін жалпылайтын, сондай-ақ құқықтық табиғаты мен маңызына қатысты дәлелді тұжырымдар жасай білетін зерттеуші ретінде көрсетті.

Жұмыстың мазмұнын талдау автордың зерттеу аясында өзекті мәселелердің кең шеңберін талқылауға ұсынғанын, қойылған мәселені ғылыми тұрғыдан негіздеп пайымдауға ұмтылғанын, сондай-ақ зерттеліп отырған тақырып бойынша дербес теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік негізделген ұсыныстар қалыптастырғанын көрсетеді.

Докторант диссертациялық зерттеу барысында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі нақты ұсыныстар тұжырымдалған.

Ұсыныстарды әзірлеу кезінде шетелдік құқық қолдану тәжірибесінің оң жақтары және азаматтық құқық доктринасында қалыптасқан заманауи ғылыми тәсілдер ескерілген. Жасалған қорытындылар мен ұсыныстар диссертациялық зерттеудің жоғары деңгейдегі дербестігін, ғылыми жаңалығын және докторанттың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін дамытуға қосқан елеулі жеке үлесін айқын көрсетеді.

Автордың зерттеуді жүргізудегі жауапты әрі жүйелі көзқарасы оның

мақсаттылығымен құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейімен және оның

ойлау қабілетімен сипатталады. Диссертант таңдалған тақырыптың негізгі мәселелерін жақсы меңгерген, бұл жұмыстың алынған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары арқылы расталады.

Асетова Гулнур Бакытовна азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық, азаматтық процестік құқық салаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарына тұрақты қызығушылық танытатын, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті бар, дербес әрі жауапкершілігі жоғары докторант ретінде сипатталады. Ол еңбекқорлығымен, ғылыми дайындығының жеткілікті деңгейімен және кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыруға деген ұмтылысымен ерекшеленеді.

Г.Б. Асетованың «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы автордың дербес орындаған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу ішкі логикалық тұтастығымен ерекшеленеді және докторанттың ғылыми ізденісі нәтижесінде алынған жаңа, ғылыми тұрғыдан негізделген теориялық және тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Асетова Гулнур Бакытовнаның «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі осындай зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және ««6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жария қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші,
з.ғ.к., профессор
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының
профессор-зерттеушісі



Мельясова Г.А.

РАСТАУЫН
Ғалым хатшы 
Н.Е. Тутинова
20 16 ж. « 10 » ақпан